

*Кәсіптік бағдар беру бойынша
2023-2024 оку жылының
жұмыс жоспары*

Кәсіптік бағдар беруші: Базылбекова Г.Ж.



Бекітемін

Мектеп директоры:

Смагулова Р.Н.

Кәсіптік бағдар беру бойынша жұмыс жоспары
2023-2024 оқу жылы

| № | Іс-шаралар | Жауптылар | Мерзімі |
|----|----------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------|--------------|
| 1 | Мұғалімдерді кәсіптік бағыт-бағдар берудегі нұсқаулықтармен таныстыру | Кәсіптік бағдар беруші – Базылбекова Г.Ж. | Қыркүйек |
| 2 | Мамандық тандауда ата-ана мен оқушыларға жеке кеңес беру және оқушының жеке тандауын ескерту | Мектеп әкімшілігі | Жыл бойы |
| 3 | «Мен мамандықты таңдаймын» стенд | 3-9 сынып жетекшілері | Қазан |
| 4 | 9-11 сынып оқушыларымен «Болашақ мамандықты таңдадыңызба?» Дөңгелек үстел | Кәсіптік бағдар беруші – Базылбекова Г.Ж. | Қазан-Қараша |
| 5 | «Балаға мамандық тандауға қалай көмек береміз?» Ата-аналар жиналышы, сауалнама алу | Кәсіптік бағдар беруші – Базылбекова Г.Ж. | Желтоқсан |
| 6 | 5-8сыныптар арасында «Не? Қайда? Қашан? Атты мамандықтар туралы викторина | Кәсіптік бағдар беруші – Базылбекова Г.Ж. | Қараша |
| 7 | 9-11 сынып «Кәсіби өзін тану және кәсіби қалыптасу» баяндама | Кәсіптік бағдар беруші – Базылбекова Г.Ж. | Желтоқсан |
| 8 | Қаладағы өндіріс орындарына бару | 9-11 сынып жетекшілер | Жыл бойы |
| 9 | Оқу мекемелерінің өкілдерімен кездесу | Сынып жетекшілер | Жыл бойы |
| 10 | «Менің мамандығым» ЭССЕ | 1-4 сынып жетекшілері | Ақпан |
| 11 | 5-6 сынып оқушылары «Кім боламын?» тақырыбында әңгіме | Кәсіптік бағдар беруші – Базылбекова Г.Ж. | Наурыз |
| 12 | 9-11 сынып оқушыларынан мамандық тандау бойынша сауалнама алу | Кәсіптік бағдар беруші – Базылбекова Г.Ж. | Сәуір |
| 13 | Оқушылардың мамандық тандауына ата-аналардың рөлі маңызды. Ата-аналар жиналышы | Мектеп әкімшілігі | Мамыр |

Мектептегі кәсіби бағдар беру жұмыстары: мазмұны мен ынталандыру әдістері

Әлемдік білім беру кеңістігіне бағытталған білім берудің негізгі мақсаты білімді меңгеріп қана қоймай, білік пен дағды арқылы дербестік, ізденімпаздық, дені сау, өзгермелі жағдайда білімді де білікті жасөспірімдерді жан-жақты жеке тұлға ретінде даярлау. Осы мақсаттарды іске асыруда бүгінгі мектеп окушыларына қойылып отырған мәселелер күн сайын талаптануда. Өйткені келешек қоғамыздың басты тұлғасы бүгінгі мектеп окушылары. Сондықтан мектепте берілетін кәсіби бағдар жұмыстарының бүгінгі күні маңызы зор болып табылады. Жалпы білімнің басты үш міндегі бар олар: баланың өзіндік жалпы дамуын, жан-жақты дүниетанымын қамтамасыз ету, және оны болашақ белгілі бір кәсіпке даярлау. Осы үш міндегіндең ішінде қоғамдық даму күрделенген сайын баланы жастай алдағы кәсіпке бағдарлай әзірлеу – ең көкейkestі мәселеге айналып отырғаны дәлелденді. Қазіргі кезеңде жалпы білімнің міндегі – баланың жалпылама дамуын қамтамасыз ету ғана емес, ең бастысы оларды жастай өз қабілеті мен қызығуына қарай белгілі бір мамандыққа арнайы бағыттай білу. Кәсіпке баулу – бұл әрбір жеке тұлғаның ерекшеліктерін және халық шаруашылығына, жеке салаларға қажетті сұранысы бар мамандықтарды ескере отырып жастарды еркін және өзіндік мамандық таңдауға дайындаудың ғылыми негізделгенжүйесі.

Кәсіби бағдар беру — жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы талдап алуға дайындауға бағытталған іс-әрекеті. Кәсіби бағдар беру арқылы окушыларды мамандықтар әлемінде, олардың мазмұны, ерекшеліктері, жеке тұлғаға қоятын талаптарын өз бойындағы қасиеттерімен ұштастырып, өндіріс, шаруашылық салаларының даму міндегтеріне, оның нарықтық экономика жағдайындағы рөліне сай саналы таңдалып алынған мамандыққа мүдделілігін тәрбиелеуді қажет етеді. Мамандықты саналы таңдауда адамның қабілеттілігінің қалыптасуының да үлкен маңызы бар. Ол адамның психологиялық санасының қалыптасуына байланысты. Олар: қабілеттілік, қызығушылық, бағыттың құндылығы, кәсіптік жоспар, идеялы, сенімі, т.б. Мамандық туралы жеткіліксіз білу — мамандық таңдауда кездейсоқтыққа әкеліп соқтырады. Мамандық таңдауда қателесу сайып келгенде, таңдаған мамандығын жек көріп, жұмыс орнын жиі өзгертуге себепші болады. Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі міндегтері төмендегідей:

- окушыларды көпшілік мамандықтар туралы түсінікпен қаруландыру;
 - кәсіптік қызығуы мен бейімділігін, қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту мақсатында
- окушылардың дара ерекшеліктерін зерттеу;
- мектеп бітірушілерге мамандық таңдауға көмектесу;
 - окушыларды белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу.

Бүгінгі күні мектеп окушыларына кәсіби бағдар беру жұмыстары қайтадан жандана бастады. Біз жоғарыда атап өтілген кезеңдерді талдай отырып, кәсіби бағдар беру жұмыстарының маңызын үлкен сұранысқа ие болуда деп білеміз.

Мақсаты:

окушыларға өзінің қабілетін, белгілі бір кәсіптік салага бейімділігін анықтауына, соның негізінде жоғары буында оқу бағдарын дұрыс таңдауына көмек беру;

Міндеттері:

-окуышыларга мамандықтар әлемі туралы біртұтас мағлұмат беру,
-окуышылардың өз қызығушылығын,
-бейінін,
- қабілетін анықтауы үшін арнайы сауалнамалар жүргізу,
- кәсіптер
-бойынша адам қасиеттерінің ерекшілігімен таныстыру,
-окуышының өзінің танымдық және жеке бас ерекшеліктері мен таңдаған кәсіптік саласына қажет кәсіби сипаттамаларды ұштастыра отырып, кәсіби жолын анықтаудың жағдай туғызы;

Күтілетін нәтиже: окуышының өзінің табиғи әлеуеті мен танымдық мүмкіндігін тануы, жеке танымдық қорытынды мен ішкі қажеттіліктері негізінде кәсіби бағдарлану жолын анықтауды;

Кәсіптік бағдар беру бойынша оқу жылына жоспар

Мақсаты: Мектеп окуышыларының қызығушылықтары мен еңбек нарығындағы сұраныстар негізінде кәсіби бағдар беру жұмысының тиімді жүйесін күру. Окуышыларды, ата-аналарды мамандық бойынша керекті мәліметтер және ақпараттармен қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- Окуышыларға ақыл-кеңес беріп, кәсіби таңдауларына сәйкес жеке психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, деңсаулықтарына байланысты, аймақтағы мамандарға сұрастың қажеттілігін негізге алып мамандық таңдау жұмыстарын ұйымдастыру;
- Кәсіби білім беру аясында әлеументтік серіктестікті дамыту;
- Кәсіби білім беруде мекемелерімен бірлесіп бағыт беру алдындағы, кәсіби бағыт беру жұмыстаарын ұйымдастыру;
- Кәсіби бағдар беруді оқу бағдарламасына, оқу-тәрбие үдерісіне енгізу.

Кәсіби бағдар беру бойынша откізілген отырысының

№ 1 хаттамасы

Күні: 21.09.2023

Катысушилар:

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1.Мұғалімдерді кәсіптік бағыт-бағдар берудегі нұсқау, бүйрық, шешімдермен таныстыру

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша кәсіптік бағдар беруші Г. Базылбекова сөз алды. Оқушыларды еңбекке баулу және мамандықтарын дұрыс тандауға бағыт беру маңызды істердің бірі. Саналы түрде тандалған мамандық жеке тұлғаның болашақ өміріне әсер етеді. Болашақтағы кәсіби мақсатына дұрыс бағыт алған оқушы бойындағы қарым қабілетін шығармашылықпен дамыта білсе сапалы маман ретінде қалыптасатыны белгілі.

Сол себепті қазіргі таңда түлектерге кәсіби бағдар ұсынып, кеңес айту үлкен маңызға ие. Кәсіби бағдар беру – шешімі табылуға тиісті өте күрделі кешенді мәселе. Өзінің әдістемесі және мазмұны жағынан оның психологиялық, педагогикалық, физиологиялық және әрекеттік аумағы жағынан әлеуметтік сипаты болады. Нәтижесі қоғамның экономикалық өміріне әсер етеді. Сонымен қатар, кәсіби бағдар беру қоғамның жұмыс күшін қайта өндірудің маңызды құралы саналады. Білім саласындағы кәсіби бағыттың ауқымы кең және алуан түрлі. Бұл істің жүргізуі кадрлар даярлауды жоспарлаумен, білім беру жүйесін одан әрі жетілдірумен тығыз байланысты екендігі сөзсіз. Қазіргі заман талабына сай мамандықтарды игерген жастарға сұраныс өте жоғары. Нарықтағы бәсекелестік күн өткен сайын артып келеді. Бүгінгі заман талабы кәсіптік білім беру саласында адамның табиғи ерекшеліктеріне сәйкес мындаған мамандықтар мен кәсіптерге дайындау – кезек күттірмейтін талаптардың бірі. Мектебімізде оку жылының басталуына орай оқушыларға Кәсіби бағдар беру жұмысы қолға алынып жылдық жоспар жасақталды.

Қаулы етеді:

1.Оқушыларға Кәсіби бағдар беру жоспары құрылып, жүзеге асырылсын және тоқсан сайын атқарылған жұмыстардың есебі берілсін.

Хатының аты-жөні, қолы: _____ Г.Ж. Базылбекова Г.Ж.

Кәсіби бағдар беру бойынша откізілген отырысының

№ 2 хаттамасы

Күні: 08.11.2023

Катысушилар:

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Болашақ мамандықты таңдадынызба? Дөңгелек үстел

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша кәсіптік бағдар беруші Г. Базылбекова сөз алды. Мектеп бітіретін 9-11 сынып оқушыларын «қандай мамандықты таңдаймын» немесе «таңдаған мамандығыма қалай қол жеткіземін» деген ойлар мазалайтыны анық. Бұл әрине үлкен өмірге қадам басардағы ең жауапты сәттердің бірі. Себебі осы бағдар адам ғұмырының алдағы болашағына өз әсерін тигізеді. Дұрыс жол тапсан дүниеге пайдасы бар кірпіш ретінде қаланудың мүмкіндіктеріне қол жеткізесің. Болашақта қандай маман иесі болғым келеді, қай мамандықты таңдасам болады? Осы бір сұрақ өмірге келіп, санаsezімі жетілген әрбір адамды толғандырары сөзсіз. Адам асқақ арманға, биік мақсатқа ұмтылады. Эр мамандық өзінше тартымды, өзінше ерекше, қажетті болып саналады. Мамандық таңдау — адам өміріндегі ең маңызды қадамдардың бірі. Яғни адам өз бойындағы қабілетіне қарай, икемділігіне қарай, бір сөзben айтқанда шамашарқына қарай өзіне және қоғамға қызмет ету дегенмен бірдей. Соңдықтан адам баласы өмірде мамандық таңдауда өз өміріне балта шаппастай етіп үлкен жауапкершілік арқалай отырып асқан ыждаһаттылықпен таңдау жасауы тиіс. Себебі, адам тағдырының бір бөлігі өзі таңдаған мамандығымен ұштасып жатады. Бірақ, біздің жастарымыз осы тұрғыдан келгенде аяғын шалыс басып, өз таңдауларын дұрыс жасай алмай, көп опық жеп отыратын кездеседі.

Қаулы етеді: 9-11 сыныптар арасында откізілген «Болашақ мамандықты таңдадынызба?» тақырыбындагы дөңгелек үстел бойынша талқыланған тақырыптар алдағы уақытта қолга алынын.

Хатының аты-жөні, қолы:

Гү

Базылбекова Г.Ж

Кәсіби бағдар беру бойынша өткізілген отырысының

№ 3 хаттамасы

Күні: 30.11.2023 №.

Катысушылар:

Күн тәртібіндегі мәселелер:

«Не? Қайда? Қашан?» атты мамандық туралы викторина (5-8 сыныптар)

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша таныстырылып отті.

-Кей жастарымыз өз тағдарын өзіне емес ата-анасына жүктеп жауапкершіліктен жалтарғаны былай тұрсын «ата-анамның қалауы бойынша осы мамандықты таңдал едім, сөйтсем ... » — дейді, ал кейбірі «грантқа тұсу үшін» — деген өз ойларын бүкпесіз жеткізуде. Қазақ менталитетінде «Адам баласы өз баласына еш уақытта жамандық ойламайды», — деген қағиданы берік ұстанамыз да, ата-аналар көп жағдайда өз баламыздың жүрек қалауын тыңдамай, ойы мен қабілеттерін ескермей, нәтижесінде балаларымызға опық жегізіп жатамыз. Сол себепті де мамандықты таңдауда ықпал ететін отбасы мен мектептегі ұстаздары болғандықтан, өздерінің ақыл-кенесін ортаға салып, оларды дұрыс бағыттаса болғаны, яғни баласының мамандық таңдауына жол беріп, оның пікірін қолдаса, ертеңіміздің жарқын болары хак.

Қоғам дамуының қозғауши күші – адам десек, қоғамдағы жетістіктер бірінші кезекте адамдардың іс-әрекетінен көрініс береді. Абай атамыздың «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деуі текке айтылмаса керек. Бұл дегеніміз – адам өз мамандығы арқылы өзіне де қоғамға да пайда әкелуі үшін өз мамандығының хас шебері болуға тиіс. Шеберлікті ұштау жаны сол кәсіпті қалаған жанға ғана тән екенін ескеруіміз қажет. Оқушыларға мамандық туралы түрлі сұрақтар қойылды. Өз ойларын еркін жеткізе білді.

Қаулы етеді:

Оқушылардың мамандық таңдауда қателеспеуін қадағалап ата-аналармен үнемі байланыс жасап отыру қадағалансын.

Хатының аты-жөні, қолы:

Г.Ж

Базылбекова Г.Ж

«№8 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

«Кәсіби өзін тану және кәсіби қалыптасу» курсы (Мамандық таңдау). Откізілген шараның анықтамасы

Еліміздің бүгіні мен ертеңі өскелен ұрпақ еншісінде. Ал осы ұрпақты бүгінгі таңда жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары, өзбетімен ізденуге қабілетті етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы – оқушыны шығармашылыққа жетелеу. Бұл мұғалімнен терең біліктілікті қажет етеді. Себебі шығармашыл ұстаз ғана шығармашыл тұлғаны қалыптастыра алады.

Бүгінгі қазақстандық мектептерге қоғамның қарқынды дамуына ілесе алатын, заман талабына сай ойлайтын, ғылыми-әдістемелік білімі жеткілікті, педагогика мен психологияны терең меңгерген ізденімпаз мұғалім қажет. Бұл мұғалімнің кәсіби шеберлігінен көрінеді. Басқаша айтқанда, білім беру үдерісі мұғалімнің дайындық деңгейі мен мамандық сапасына үлкен талап қояды. Ол мұғалімнің өзін-өзі дамытуына, өзіндік білім алуына және өздігінен шығармашылық түрде қызметтерін іске асыруға мүмкіндік береді. Мұғалім – бүгінгі оқушы – ертеңгі қоғамның, елдің тірегін өмірге дайындаушы.

Кәсіби даму – нәтижесінде адамның өзінің барлық өмірінің барысында өз кәсіби дағдылары мен іскерліктерінің деңгейін және сапасын сақтауға мүмкіндік алатын үрдіс. Бір рет қана кәсіби маман болу мүмкін емес. Кәсіби маман болып қалу үшін, тұлғаның үнемі кәсіби дамуы қажет.

-Кәсіби даму іс – әрекеттің барлық саласына қатысты: педагог, менеджер, кенес беруші, психолог, дәрігер, дизайнер, әртіс және тағы басқа.

-Кәсіби даму – бұл жүйелі беку, білім саласында жетілу және кеңею, тұлғалық сапалардың дамуы, жаңа кәсіби білімдер мен дағдыларды меңгерудегі қажеттілік, өзінің барлық еңбек жолында белгілі міндеттерді атқара білу.

9-11 сыныптар арасында Мамандық таңдау бойынша курсы ұйымдастырылып оқушыларға кәсіби бағдар бойынша толық түсінік жұмыстары жүргізілді.

Кәсіптік бағдар беруші:

Базылбекова Г.Ж.

«Атбасар қаласы №8 жалпы орта білім беретін мектебі»

коммуналдық мемлекеттік мекемесінде

«Мен мамандықты таңдаймын» стендің ақпараттық материалдармен толықтыру. өткізілген шараның анықтамасы

Мақсаты: мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру, оқушыларға мамандықтың түрлері, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік бере отырып, өз бейіміне сәйкес мамандық таңдай білуіне ықпал жасау, кәсіби бағдар беру, мамандық әлемінен ақпараттар алу, қазіргі заманың тапшы мамандықтарын көрсетіп, сол бағытқа қарай бағыттау, өз пікірін еркін айтып, өзгениң пікірін сыйлай білуге, жүйелі ойлауға баулу, оқушыларды терең білім алу жолында үздіксіз еңбектенуде еңбеккорлыққа тәрбиелеу.

Әр адам ерте ме, кеш пе өз өмірінде «Қандай мамандық иесі боламын?» деген сұраққа жауап іздейді. Мамандық таңдау – өте жауапты іс. Өйткені, таңдаған мамандығың ертеңгі сенің өмірің, болашағың, қоғамның болашағы, еліміздің ертеңі.

Мектепбіміздің кітапханасында «Мен мамандықты таңдаймын» тақырыбында ақпараттық стенде түрлі мамандықтар туралы материалдарымен толықтырылды. Оқушылар өздеріне қажетті мамандық туралы ақпарат ала білді.

Кәсіптік бағдар беруші:

Базылбекова Г.Ж.

**Атбасар қаласы №8 жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
«Кім боламын?» тақырыбында өткізілген пікірлесу сағатының қорытындысы**

Соркөл орта мектебінде қараша айының 20 күні 7-8 сынып оқушылары арасында «Кім болам?» тақырыбында пікірлесу сағаты өткізілді. Бұл пікірлесу сағатын директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Алтынай Теміржанова жүргізді. Пікірлесу сағаты кезінде оқушыларға «кім болғанды қалайсың?» деген сауал тастап, әр оқушының өз ойын яғни дәрігер, мұғалім, суретші, теміржолшы т.б мамандық иесі болатынын білді.

Сондай-ақ, оқушылар осы мамандық иелері қазіргі таңда қаншалықты қажет деген сауалға өз ойларын ашыю жеткізе білді. Яғни осы жерде заман ағымына қарай мамандықтар әлемі де өзгеріп отыратыны жайлы түсінік беріліп өтті.

Сондықтанда әрбір оқушы ең әуелі өз жеке басының ерекшеліктерін танып, өзінің жүрегіне үңілу арқылы бойындағы бейімділігін байқап содан кейін ғана ұнататын мамандықтардың арасынан біреуін таңдау қажет екенін айта келе, өзінің таңдаған мамандығының болашақ болмысы туралы терең зерттеп білгені және өз қалауы бойынша ой таразысына салып 2-3 мамандықты салыстырып көру керек екеніне тоқталды.

Отырыс соңына қарай оқушылар ақпарат ала отырып, оның келешекте алар орны, тигізер пайдасы жайында өзара ой бөлісті.

Кәсіптік бағдар беруші:

Базылбекова Г.Ж.

Сіз қандай ата - анасыз?

Берілген сұрақтарға «иә», «жоқ», «кейде» деп жауап беріңіз.

1. Балалар туралы газет журнал беттерінде жарияланған материалдарды немесе радио, теле хабарларды жүйелі оқып тыңдап отырасыз ба?
2. Балаңыз бір оғаш әрекет істеп қойса, онда сіздің тәрбиеніздің нәтижесі бар ау деп ойлайсыз ба?
3. Егер балаңыз сізге жәрдем берсе, осы кезде оның өз жұмысы будан кедергіге ұшырап, немесе мұлде тоқтап қалуы мүмкін екендігіне қарамастан қабылдар ма едіңіз?
4. Бұйыру немесе тиым салу сияқты шараларды сіз тек қажет кезінде ғана қолданасыз ба?
5. Балаға оның айналасындағылардың үлкен әсер ететіндігін сезесіз бе?
6. Спорттың баланың жан - жақты дамуында маңызы зор екендігін ескересіз бе?
7. Сіз балаңыздың бір нәрсені орындау жөнінде талап тұрғысынан емес, өтініп сұрап көрдіңіз бе?
8. Балаңыздың әр түрлі сұлтаулармен «құтылуға тырысуы» сізге ынғайсыздық туғызбай ма?

Әрбір мақұлдау жауапқа - 2 ұпай, ал кейде жауабына - 1 ұпай, ал қарсы жауабыныңға - 0 ұпайдан қойыңыз.

Ата - анаға арналған сауалнама

1. Балаңыздың аты - жөні.....
2. Балаңыз мектепке ынтамен келе ме?.....
3. Мектеп режиміне қалыптасты ма? Жаңа күн тәртібін қабылдай ма?
 - әзірге жоқ
 - жоқ
 - иә
 - жауап беруге қиналадын
4. Өзінің сабактағы жетістіктеріне қуаныш, сәтсіздіктеріне қинала ма?
 - жоқ
 - иә
 - сөзсіз қиналады
 - жауап беруге қиналадын
5. Балаңыз сізben мектептегі әсері жайлы өз ойын жиі бөлісе ме?
 - әзірге жоқ
 - кейде бөліседі
 - әрдайым бөліседі
 - өте жиі бөліседі
6. Алған әсері қандай?
 - негізінен эмоциясы жағымды
 - әр түрлі, бірақ жағымсызы көп
 - жағымсыз және жағымды әсері бірдей
 - негізінен жағымсыз әсер
7. Балаңыз күнделікті сабак оқуға қанша уақыт жұмсайды?
 - анық көрсетіңіз.....
8. Балаңыз үй тапсырмасын орындауда сіздің көмегіңізді қажет ете ме?
 - әрқашан көмек керек
 - жиі көмектеседі
 - кей кезде көмектесемін
 - көмек қажетсінбейді

Ата - ананың аты жөні.....

Сіздің өміріңізде бала қандай орынга ие?

(Қолыңыздан келе ме?)

Жауаптары:

- А) Қолымнан келеді және әр кезде солай жасаймын.
- Ә) Қолымнан келеді, алайда әр кезде солай істей алмаймын.
- Б) Қолымнан келеді.

1. Кез келген жағдайда жұмысыныңдың барлығын тастап, балаңызben айналысу қолыңыздан келе ме?
2. Баланың жас ерекшелігіне назар аудармай, ақылдасу қолыңыздан келе ме?
3. Баланың алдында жасаған қателігіндегі мойындау қолыңыздан келе ме?
4. Өзіңіз қателескеніңіз үшін баланың алдында кешірім сұрау қолыңыздан келе ме?
5. Егер баланың қылышы сіздің ашуыңызыңда келтірсе, өзіңізді ұстау қолыңыздан келе ме?
6. Өзіңізді баланың орнына қою қолыңыздан келе ме?
7. Бір уақытта өзіңізді ертедегі қайырымды ханша немесе би ретінде елестете алу қолыңыздан келе ме?
8. Бала кезіңізде болған оқиғаны тәрбиелік мәнімен айтып беру қолыңыздан келе ме?
9. Баланың журегіне тиетін сөздерді әрқашан айтпау қолыңыздан келе ме?
10. Баланың жақсы тәртібі үшін оның арманын орындалап беру қолыңыздан келе ме?
11. Не істесе дағы өз білгенін жасауына балаға бір күн бөлу қолыңыздан келе ме?
12. Егер де сіздің балаңыз басқа бір баланы ұрып не итеріп жіберсе немесе күнәсіз жазаласа, елеп - ескермеу сіздің қолыңыздан келе ме?
13. Баланың егер де бір нәрсені алып бер деп жылап сұранып тұрса, сіз осыған ұстамдылық ете білу қолыңыздан келе ме?

“Мамандық таңдау барынша ата-аналарға арналған жадынама”

- 1.**Балаңыздың болашақ мамандығын өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз.
- 2.**Оның таңдаған мамандығына деген қарсылық пен қолдауды бірге отырып талқылаңыз.
- 3.**Мамандық таңдар кезінде тек материалдық пайданы ғана ойламай, балаңыздың рухани қанағаттанудың да естен шыгармаңыз.
- 4.**Болашақ мамандық таңдар кезде балаңыздың сол кәсіпке деген жарамдылығын да байқаңыз.
- 5.**Егер мамандық таңдау барысында қарама-қайшылық туындалап жатса, кеңесші мамандармен ақылдасыңыз.
- 6.**Мамандық таңдауда балаңызды қыспалай бермеңіз, әйтпесе бұл жанжалға әкеп соқтыруы мүмкін.
- 7.**Балаңыздың арманы орындалу үшін оған барынша қолдау көрсетуге тырысыңыз.
- 8.**Егер балаңыз мамандық таңдауда қателескен болса, ол үшін кінәламаңыз, оны жөндеуге болады.
- 9.**Егер балаңыз қандай да бір мамандыққа ертеден әуестене бастаса оған үйірмелер, әдебиеттер әр түрлі сабактардың көмегімен осы қызыгушылығын сақтауға мүмкіншілік беріңіз.
- 10.**Балалар өз ата-аналарының мамандығына қатысты маман таңдауы да мүмкін екенін есінізге алыңыз.

Өз болашағынды анықтауда мынадай ережелерді ұстан:

1. Алдағы өмірлік жоспарың қандай болмасын, шетел тілін үйреніп, компьютерде жұмыс істеуді игергенің аса пайдалы. Бұларды кез-келген мамандықта қажетті болары сөзсіз!
2. Мамандық таңдауға байланысты сені, сенің қалаған мамандығынды толық білмейтін адамдардың ақыл-кеңесіне құлақ салудың қажеті шамалы.
3. Мамандық таңдауда оның сырт келбетіне, көнілге қонымды жақтарына ғана назар аударудың қажеті жоқ, мүмкіндігінше қалаған мамандығындың жұмыс мазмұны жөнінде көбірек білуге тырыс.
4. Егер мамандық сенің досыңа ұнаса, саған да ұнайды деген қорытынды жасауға болмайды.
5. Саған қолыңдан келетін істі мамандық етіп таңдаған пайдалырақ болмақ. Әйтсе де бұл сөз қарапайым естілгенімен, көбінесе назардан тыс қалып жатады.
6. “Жақсы адам”- бұл мамандық емес. Егер саған адам ұнаса, оның менгерген мамандығын мен де таңдаудың керек деп жаңсақ қорытынды жасауға болмайды.
7. Сән қыып, мамандық таңдаудың қажеті жоқ. Сен оқуынды тәмамдап, жұмыс істегенше, ол мамандық сәннен шығып қалуы да мүмкін.
8. Мүмкіндігінше өзің таңдаған мамандықтың өзіңдің денсаулық жағдайыңа тұра келетін-келмейтіндігі жөнінде дәрігерден кеңес алғаның жөн.
9. Заманауи ағымға қарай кейбір мамандықтар тез ескіріп, оның орнын жаңа мамандықтар басып жатыр. Сондықтан кез-келген жағдайда қосалқы таңдаған мамандығың болуы қажет.
10. Өзің таңдаған мамандығынның мазмұны, қызықты қырлары, жұмыс тәртібі мен жағдайы, кәсіби өсу мүмкіндігі туралы сұраққа жауап берे алмағанда ғана сенің мамандық таңдаудағы ой-ниетің салмақтана түспек.
11. Өзінмен алдын-ала психологиялық жұмыс жүргізбей-ақ, нық қадам жасай беруге болатын бірде-бір мамандықтың жоқ екендігін есінде сақта!

Ата-аналарға арналған сауалнама

| <i>№</i> | <i>Сұрақтары</i> | <i>Жауаптары</i> |
|----------|-------------------------------------------------------------------------------------|------------------|
| 1 | <i>Аты-жөніңіз</i> | |
| 2 | <i>Балаңыздың аты-жөні</i> | |
| 3 | <i>Балаңыздың ең жақсы қасиеті</i> | |
| 4 | <i>Балаңыздың ең жаман қасиеті</i> | |
| 5 | <i>Балаңыздың қазіргі білімі мен тәрбиесіне көніліңіз толама?</i> | |
| 6 | <i>Балаңыздың болашақта кім болғанын қалар едіңіз?</i> | |
| 7 | <i>Сіздің балаңыз қандай пәндерге қызығушылық білдіреді?</i> | |
| 8 | <i>Балаңыздың бойында басымырақ байқалатын дарындылық белгісін білесізбе?</i> | |
| 9 | <i>Қандай жағдайлар сіздің балаңыздың мамандықты игеруде кедергі болып табылды?</i> | |
| 10 | <i>Балаңыздың 9 сыныпты оқу барысында сізді не уайымдатады</i> | |

«Атбасар қаласының №8 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Кәсіптік бағдар беру бойынша I жарты жылдық есебі


Кәсіптік бағдар беру бағытының мақсаты: мектептің 7-11 сынып оқушыларына оқу бейінін және болашақ кәсіби қызмет саласын таңдау процесінде оқушыларға кәсіби бағдарлы қолдау көрсету, оқушылардың еңбекке саналы көзқарасын қалыптастыру, өз мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне сәйкес және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, қызмет саласын таңдау еркіндігі жағдайында кәсіби өзін-өзі анықтау.

Мақсатқа сәйкес «11» және «9» сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығын диагностикалау нәтижелері бойынша сауалнама» жүргізілді. Сауалнама нәтижесі бойынша 11 сынып балалары кейбір оқушылар өз бағыттарын, мамандықтарын нақты таңдап отырғандығына нақтыланса, кейбір «11», «9» сынып оқушыларында әлі де ой үстінде жүрген оқушылар кездесті.

Кәсіптік бағдар беру жоспарына сай 9, 11 сынып оқушыларына әр қаладан, университеттерден, колледждерден ұстаздар, студенттер келіп мамандықтармен таныстыруды және де мектеп ұстаздары оқушыларды Атбасар қаласының кәсіпорындарына, мекемелеріне апарып жүр.

| | |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------|
| 11 "A" сынып Атбасар қаласының мұрағатында болды. |  |
| Петропавловск қаласындағы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ұланы академиясының подполковнигі Муханбеталин Жаслан Еркенович 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмыстарын өткізді. |  |

Атбасар қаласының 4 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің бастығының орынбасары Базылбеков Қ.Қ. 11 - сынып оқушыларымен үгіт насиҳат жұмыстарын жүргізді. Оқуға түсү шарттары және мамандықтың маңыздылығы жайлы айтып өтті. Оқушылардың сұрақтарына жауап берді.



“Көкшетау гуманитарлық-техникалық” колледжін таныстыру мақсатында Байкенов М.А. және Жигарь В.Г. 9 және 11 сыныптарға ақпарат беріп, колледж мамандықтары бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.




Атақты жазушымыз Ілияс Есенберлиннің мұражайына барып, көптеген қызыққа толы жаңалық алып, өзара талқылап бір- бірімен бөлісіп жатты. Және Үмітжан апайдың қойған сұрақтарына қызығушылықпен жарыса жауап беріп, мақтауға ие болды. Балаларға мұражай өте ұнап, алда тағы да келеміз деп жатты



Атбасар әскери бөлімінде болды. 10-11 сынып оқушыларына әскери өмір қалай болатынын, қандай талаптар қойылатынын түсіндірді. Сонымен қатар кинолог маманы ит пен өз шеберлігін көрсетті. Оқушылар көп жаңа ақпарат естіп-көріп жақсы әсерлі күймен оралды.



Астана қаласы "Қазақ технология және бизнес университеті" және осы университеттің колледжінің өкілдері Серкебаев Е.Р., Ешпанов В.С., Усманов К.К. келіп, 9, 11 сынып оқушыларына үгіт насиҳат жұмыстарын жүргізді. Оқуға тұсу шарттары және мамандықтың маңыздылығы жайлы айтып өтті. Кәсіптік бағдар берудің негізгі мақсаты: оқушылардың әлеуметтік қажеттіліктерін қанагаттандыратын мамандықты ерекше, саналы және өз бетінше тандауға дайындау



"Esil University" университетінің оқытушылары және студенттері келіп 10, 11 сынып оқушыларымен кездесу өткізді. Оқушыларға оқу орны туралы толық ақпарат беріп, оқуға тұсу шарттарымен таныстырыды. Сондай-ақ, "Esil University" университетінің студенттер оқушыларымызға өз өнерлерін көрсетіп, оқушылардың сұрақтарына жауап берді.



Кәсіптік бағдар беруші:

Базылбекова Г.Ж.